4-КУРС ШЫҒЫС ӘДЕБИЕТІ БОЙЫНША СҰРАУЛЫҚТАР

1.Шығыс халықтары әдебиетінің мақсаты?
2. Ежелгі Күншығыс әлемдегі ең ескі жазба ескерткіштердің де отаны болып табылады
3. Шығыс халықтары әдебиеті пәнінің негігі сипатының
4.Ежелгі парсы әдебиеті
5. Абулхасан Рудаки - иран-тәжік әдебиетінің негізін салушы
6. Рудаки еңбектерінің бағалануы, зерттелуі жайында
7. Абулхасан Рудакидің әдеби мұрасы
8. Рудаки -өмір туралы көп толғанған ақын. .
9.Ежелгі Шығыс бүкіл әлем халықтарының арасында мәдениет пен ілімнің, әдебиет пен өнердің де бесігі
10.Шығыс - ертедегі мәдениет пен әдебиеттің тереңге тартқан тамыры
11.Шығыста мәдениеттің дамуы
12.Әлемдегі ең алғашқы әдеби жәдігерліктер
13.Шығыс елдерінің әдеби ескерткіштері негізінен қандай тілдерде жазып қалдырылған?
14.Әлем мойындаған классикалық әдебиеті қайсы?
15.Күншығыс елдері қайсы елдерді қамтиды?
16. Парсылар – Шығыс ояну дәуіріне де негіз салды.
17.Қай халқы да ислам діні мен мәдениеті арқылы Шығыстың әдеби бай мұрасымен таныс бола бастайды?
18.Шығыс халықтары әдебиеті - ежелден-ақ көркем дәстүрлерге бай, жан-жақты дамыған, классик ақындарды өсіріп тәрбиелеген әдебиет дегенде түсінесіз?
19.Ерте кезеңдердегі Шығыс ақындары, соның ішінде Орта ғасырлардағы араб, парсы, түркі тілдес халықтар поэзиясы кімдердің шығармаларына әсер еткен?
20. Абдулла Рудаки, Әбілқасым Фирдоуси, Омар Хайям, Низами Ганжауи, Сағди Ширази, Әбдірахман Жәми, Әлішер Науайы т.б. ақындарға да әсер еткен әдебиет?
21.Тарихтағы «Шығыс ренессансы» деп қайсы дәуір аталады?
22.Біз «Шығыс халықтары әдебиеті» дегенде кімдерді түсінеміз?
23. Халықтың мұсылманша оқыған бөлегі қай әдебиеттерді меңгерген?
24.Күншығыс мәдениеті дегенде біз қай аймақты түсінеміз?
25.Абулхасан Рудаки - иран-тәжік әдебиетінің негізін салушы?
26.Қайсы данышпан ақынды «ақындардың Адам-Атасы» деп атайды?
27.Рудакий кім?
28.Рудакий қай жерде туылған?
29.Рудаки туралы тұңғыш мәлімет кімнің кітабында кездеседі?
30.Біз Рудакидің әлемге әйгілі хайуанаттар туралы аңыз өлеңмен жазылған «Калила мен Димна» туралы айтып бер?
31. II Наср патшаның (Ахмед Саманидің баласы) тілегін орындап, «Калила мен Димнаны» үндінің көне тілінен парсы тіліне өлеңмен аударған қайсы ақын?
32.Рудаки ең жақсы шығармаларын кемел ақын болған кезде, патша сарайында тұрған кезінде жазады.
33. «Калила мен Димна» поэмасын Рудаки қай кезде жазған?
34. «Тотынама» - бүкіл шығысқа мәлім жазба
35.«Тотынама» дүние жүзінің көптеген тілдеріне аударылып, қай жылы оның бір үлгісі қазақ тілінде «Тотының тоқсан тарауы» деген атпен жарияланды?
36. 52 түннен тұратын «Тотынама» ертегілері 1991 жылы «Жазушы» баспасынан жарық көрген болатын.
37. «Тотынама» фольклор ма, жазба әдебиет үлгісі ме? Ертегі ме, әлде орта ғасыр романы ма?
38. «Тотынама» - ертегі. Мұнда Үнді, Тибет, Орта Азия елдерінің мифологиясы жақсы сақталған.

39. Әбілқасым Фердауси 940 жылы шамасында туып, 1020-1030 жылдар арасында дүние салған.
40. Әбілқасым –ақынның құрметпен аталған есімі, Фердауси-әдеби псевдонимі. Дәл өз есімі белгісіз.
41. «Шахнама» парсы сөзі, қазақша патшалар туралы кітап деген мағынаны білдіреді.
42. Атағы бүкіл әлемге жайылған математик,философ ақын Омар Һәйям туралы айтып бер?
43.Омар һәйямның әкесі шатыр тоқитын кісі екен. Шатырды парсыша Һийма дейді. Кейін әкесінің кәсібі ақынға фамилия болып кетеді.
44.Омар Һәйям-шатыршының баласы Омар деген мағынаны білдіреді.
45.Омар Һәйям данышпан Әбу Ғали ибн Синаны өзіне ұстаз тұтып, оның пікірлерін үнемі насихаттап отырды.
46. Исфиханда жүрген кезінде ол Ибн Синаның «Хутба» деген философиялық еңбегін араб тілінен парсы тіліне аударады.
47.Омар Һәйям өзінің ғылыми кітаптарын әдетте арабша жазған, ол «Болмыстың бірлігі» деген еңбегін ғана парсыша жазған.
48.Парсы-тәжік әдебиетіндегі философиялық поэзияның кең жайылған өлең түрі «рубаи» деп аталады.
49. Әбдірахман Жәми парсы-тәжік классикалық әдебиетінің ең соңғы ұлы шайыры
50.Жәмидің ең көп ғазалы ғашықтық құштарлығына арналған.
51.Ә.Жәмидің даңқын шығарған дастандарын ата?
52.«Жақсыларға тарту» поэмасында Жәми өмірдегі түрлі мәселелерді нақыл, ғибрат ретінде сөз етеді.
53.Ә. Жәмидің «Тұрақсыз ғашық хақында хикаясы»-нда сұлудан сұлу іздеймін деп нағыз сұлудан айрылып қалған, айнымалы жігіттің өкінішті халі әңгімеленеді.
54.«Кір жуушы әйел мен көккұтан» деген мысал өлеңде биік аспанда самғай ұшып, құс атаулының үрейін ұшырған, құстардың жас етімен ғана қоректенетін бүркітке еліктемек болған көккұтанның өзі қарақұсқа жем болғанын әңгімелейді.
55.Махаббат тақырыбына Жәмидің екі дастаны таралы айтып бер («Саламан мен Абсал», «Жүсіп-Злиха»)
56.«Ләйлі-Мәжнүн»-Жәмидің жаһанға мәлім шығармаларының бірі.
57. Әбдірахман Жәми де өзінің «Ескендірдің даналық кітабы» деген дастанында қадым заманда жасаған қолбасшының көп сипаттарын көтермелеп жырлайды.
58. «Мың бір түн» атты ертегісі туралы айтып бер?
59.«Мың бір түннің» негізгі кейіпкері - әйел-қыздарға өшпенділікпен қараған патша. Ал осы патшаға хикая айтып беруші Шахризада туралы айтып бер?
60.Ілияс Жүсіпұлы Низами Гәнжауи – әзірбайжан халқының ұлы ойшылы, теңдесі жоқ ақыны.
61.Гәнжа қаласында тұратын қолөнершінің отбасында өмірге келген ақын?
62.Тұтқынға түскен Аппақ атты қыпшақ қызына үйленген ақынды еім?
63.Ақынның көптеген лирикалық өлеңдері қыпшақ қызының сұлулығына, ақыл-парасатына, құралайды көзге атқан мергендігіне арналған.Сол туралы айтып бер.
64. Низами есімін күллі әлемге мәшһур етіп, адамзат тарихына мәңгілік өшпестей етіп жазып қалдырған шығармасы – «Хамса» («Бес кітап») еді.
65.Ақынның «Хамса» тобына: «Сырлар қазынасы»,«Хұсрау мен Шырын»,«Ләйлі мен Мәжнүн», «Жеті ару» және «Ескендір-наме» дастандары енеді.
66.Дидактикалық-философиялық ой-пікірлерге толы «Сырлар қазынасы» дастанында ақын адам баласының өткінші өмірге келуі, ержетіп, ғұмыр кешуі, ақыры сол өмірмен біржола қоштасуы жайында ой толғайды.

66. Низами өзінің «Хұсрау мен Шырын» дастанында қандай пікір айтады?
67. Ғұмыр бойы адал махаббатынан айнымаған Шырын сұлуды Низами көкке көтере мадақтайды.
68. Низамидің жырлауы бойынша, махаббаттың құдірет-күшіне бүкіл әлем, жер мен
69. Аспан, барша табиғат бас июі тиіс дегенді қалай түсінесің?
70.Низамидің бұдан кейін жазылған дастаны «Жеті ару» туралы айтып бер?
71.«Ескендір-наме» туралы қысқаша айтып бер.
72. Низамидің бесінші дастаны «Ескендір-наме» неше екі кітаптан тұрады?
73. «Даңқ кітабында» ертедегі грек елінің патшасы Александр Македонский (Ескендір Зұлқарнайын) туралы тарихи деректер мен аңыз әңгімелер айтылады.
74. Низамидің айтуынша, Батыс пен Шығыс елдеріне жорыққа аттанғандағы Ескендірдің мақсаты не еді?
75.«Бақыт кітабында» Ескендір патша қалай суреттеледі?
76. Сондай-ақ «Бақыт кітабында» грек, түрік, қытай, үнді елдерінің философиялық ой-түйіндері пайдалы екені әңгімеленіп, аспан мен жердің таралуы, адамзат тағдыры туралы ақын қалайша сыр шертеді?
77.Низами «Ескендір-наме» дастанында заман туралы, тарихтың даму барысы жайында, жеке адам өмірі мен бүкіл халықтың болашақ бақыты хақында өзінің философиялық ойларын қайтіп түйіндейді?
78.Низами «Хамсасының» тобында қайсы дастаны ерекше орын алады?
79.Поэманың басты қаһарманы – Баһрам. Ол қайсы елдің патшасы?
80.Низами поэзиясы- Шығыстың қайта өрлеу классиктерінің дамуындағы шарықтау кезеңі деп неліктен айтамыз?
81."Ләйлі - Мәжнүн" - қандай дастан?
82. «Ләйлі-Мәжнүн» дастанының қысқаша мазмұнын тоқтал?
83.“Ләйлі - Мәжнүн” дастанын кімдер жырлады?
84.Дастанның оқиға желісі туралы айтып бер?
85. Қазақ арасына кең тарағаны Ш.Құдайбердіұлы жырлаған Физули нұсқасы туралы айтып бер?
86. Физулидің шын аты кім болған?
87.Айналасына беделді болғанына қарамастан ешуақытта сұлтандардың сүйіктісі болмаған ақынды көрсет?
88.Физулидің өлеңдерінің негізгі тақырыбы не жайында?
89.Шығыстың Шекспирі ретінде де білінген ақын жайында айтып беріңіз?
90.Науаи есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында кімдердің есімімен қатар тұрады?
91.Әлішер Науаидың ең үздік шығармалары неше дастаннан тұрады?
92. «Хамса» тізбегінің соңын «Ескендір қорғаны» дастанын жазу арқылы нені түйіндейді?
93.Бұл дастанның («Ескендік қорғаны») басты қаһарманы жайында айтып беріңіз?
94.Шығыс әдебиеті тарихында осылайша бір тақырыпты әрбір ұрпақтың өз ақыны қайта жырлап, тың дастандар жазатын, жарыса жырлайтын ақындық дәстүрін қалайша атаған?
95.Әлішердің үшінші дастаны – «Фархад – Шырын» жайында айтып беріңіз?
96.Дастанның негізін достыққа, халықтар жарастығына құрады. Әділет, гуманизм идеяларын ардақтайды. Сол туралы өзіңнің түйінді пікірің қандай?
97.Ә.Науаи "Өзім туралы” кімге арнаған?
98.Хамса (бестік, бес дастан деген мағына береді) — Шығыс әдебиетінде, соның ішінде түркі тілдес халықтар әдебиетінде ертеден орныққан дәстүр бойынша бір-бірімен жалғас, сабақтас жазылатын бес дастан туралы айтып беріңіз?
99.Бұл дәстүр кімнен басталған?
100.Осындай Хамса жазған ақындар ішінде Үндістанда өмір сүрген әмір Хұсырау Дехлеуи және атақты ақын кім еді?

101.Дастанының басты қаһарманы — Шырын. Дастанда Шырын қалай бейнеленген?
102. Дастанның екінші бір басты қаһарманы Хұсрауды қайта тәрбиелеген мейірбанды жан кім еді?
103. «Қабуснама-ғажайып қазына»